

Атырау облысы Білім беру басқармасының
Құрманғазы аудандық білім бөлімінің «Мерей» бөбекжай
балабақшасының Коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорыны «Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №1

Өткізілген уақыты : 6.09.2022

Қатысқандар: «Мерей» бөбекжай балабақша әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері:

К ү н т ә р т і б і н д е қ а р а л а т ы н м ә с е л е :

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Муратова Ж.Қ. балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Муратова Ж.Қ қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтандыруды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Сөйлеушілер:

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Сабыр Нұрбол өз ойын ортаға салды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысының мазмұнымен танысып, шықтық. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесе отырып, балабақшадағы көптеген мәселерді талқылауға болатынын атап өтті. Алдағы бірлескен жұмыста сәттілік тілеймін. Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Гумарова Марал 2022-2023 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарында, қойылатын мақсат, міндеттері өте көп. Соның ішінде балалардың құқығын қорғау бағытындағы жұмысты басты назарда ұстау қажет. Қамқоршылық

кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Шешім

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысының жауапкершілігі балабақша психологы Л.Д.Насиповаға міндеттілігін
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:

Хатшы:



Ихсанов А.Ш

Хисина Р.З